

Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім
бөлімінің «Айлин» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

Ата-аналар жиналысының

Хаттамасы № 1

08.09.2023 жыл

Қатысқандар – Ата аналар , педагогтар

Күн тәртібінде

1. Ата-аналарды балабақша ұжымымен таныстыру
2. 2023-2024 жаңа оқу жылының іс-жоспарымен танысу
3. Ата-аналар комитетін қайта сайлау
4. «Балабақшаға балалардың бейімделу үрдісі» баяндама

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Б. Сеилова сөз алып, ата-аналарды бөбекжай бақша ұжымының педагогтарымен таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Ж. Нурдилдаева сөз алып, ата-аналарға 2023-2024 жаңа оқу жылының іс-жоспарымен таныстырып , бөбекжай-бақша педагогтарымен тығыз байланыста болып, күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысуға болатыны жөнінде айтып өз сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша, бөбекжай- бақша меңгерушісі Б. Сеилова ата-аналар комитетін қайта сайлауға ұсыныс білдірді.

Бөбекжай-бақша тәрбиешісі Г. Шамшиева сөз алып, ата-аналар арасында белсенділік танытып жүрген жас ана Базарбаева Балдырған Абайқызын ата-аналар комитетінің төрайымы етіп сайлауға ұсыныс тастады. Ата-аналар ұсынысты бірауыздан қолдады.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша педагог-психологы А. Абдраймова сөз алып, «Балабақшаға балалардың бейімделу үрдісі» тақырыбында баяндама оқыды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Ата-аналар комитетінің төрайымы Базарбаева Балдырған Абайқызы сайлансын.

Меңгеруші
Хатшы



Б. Сеилова
Ж. Нурдилдаева

Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім
бөлімінің «Айлин» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

Ата-аналар жиналысының

Хаттамасы № 2

25.12.2023 жыл

Қатысқандар – Ата-аналар, педагогтар

Күн тәртібінде

1. Балалардың тәрбие – оқу процесін ұйымдастырудың жарты жылдық қорытынды есебі
2. Балалардың қауіпсіздігін сақтау ережелерінің орындалуы
3. Балабақшада Қ Р санитарлық нормалардың сақталуы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Б. Сеилова сөз алып бүгінгі жиналыста қаралатын күн тәртібімен таныстырып өтті. Барлық топ тәрбиешілері оқу процесін ұйымдастырудың жарты жылдық қорытынды мәліметін жасады. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері балалардың қауіпсіздігін ескере отырып, іс-әрекеттер мен ойындарда қауіпсіздік ережесіне сай ұйымдастырылғанын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша бөбекжай-бақша медбикесі Б. Базарбаева сөз алып, балабақшада Қ Р санитарлық нормалардың сақталып САН ПИН –нің ережесімен жұмыс жасалынып жатқандығын айтты.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Күн тәртібіндегі қаралағн мәселелер жақсы дәрежеде деп танылсын.

Меңгеруші
Хатшы



Б. Сеилова
Ж. Нурдилдаева